



Тұмау

Тұмаудың вирусы әлсіз келеді, жарық түсіп тұрған жерлерде кеуіп тез өледі. Бұл ауру адамның жоғарғы шырынды қабығына вирус түсуден пайда болады және ауа, тамшы жолдарымен жұғады. Ауру, әлсіз адамдарға жүкқыш келеді.

Тұмау – тез қабылданады, сондықтан бұл ауру тез таралып, жайылып кетеді. Инкубауиялық кезеңі 24-28 сағатқа созылады.

Тұмау әдетте кенеттен қатты түрде басталады. Ауруға шалдыққандардың өзін-өзі сезінуі төмендейді, басы ауырады, жалпы әлсіздік, тұнжыраушылық байқалады, ыстығы көтеріледі. Ауруға шалдыққан алғашқы күндерде жара бегілері көбіне байқалмайды, тамақ жыбырлайды, құрғақ жөтел пайда болады. Кейіннен мұрыннан сора ағады. Бұдан кейін кейде бронхит өршиді, тыныс алу қиындап, демікпе пайда болады.

Асқынуы: Бұл көбіне сәбилік шақтағы балаларда болады. Ең жиі ұшырайтын асқыну пневмония, ол ауру басталған алғашқы 2-3 күнде пайда болады.

Пневмония көбінесе ауыр болып өтеді. Көмекей бездерінің зақымдануы тұмаудың қатты асқынуы болып табылады.

Емдеу. Аурудың жазылуына 2-3 күн қалғанда кейін төсекте жату режимі белгіленеді. Балаға жиі-жиі сусын беріледі. Ауыр жағдайларда тұмауға қарсы сыворотка немесе жоғары титрлі антитело бар гамма-глобулин сывороткасы қолданылады. Эпидемия кезінде ұжымды интерферон антибиотиктер қолданылады.

Желшешек

Желшешектің қоздырушысы өтпелі вирус. Ол сыртқы ортада өте төзімсіз келеді және бөлмені желдеткенде тез өліп қалады. Инфекция тікелей ауру адамнан жұғады. Ол инкубациялық кезеннің соңғы күндері және бөртудің бүкіл барысында жұқпалы болады.

Инкубациялық кезені 11-12 күнге созылады. Дерт қатты түрде басталады. Бөрткен шығып, ол дененің барлық сыртқы бетін дерлік, бастың шашты бөлігін жауып кетеді, кейде шырынды қабықтарға да бөрткен түседі. Әуелі қызыл дақтар шығып, кейін оның ортасы қолдырайды.

Емдеу.

Бала бөрткен шыққан бүкіл кезеңде төсекте жатқызылады. Бөрткеннің ерің басқан ірі элементтеріне бір бриллиант жасылының ертіндісі жағылады. Төсек - орын мен іш киімдердің тазалығын қадағалап, қасынуға рұқсат етпеу керек.

Профилактика.

Негізінен бұл ауруға шалдыққан немесе ауырып жүргендермен кездескен балдырғандарды балалар мекемелеріне жібермеуге саяды. Ауру шыққан топта, ол бөрткеннен соң, 21 күнге карантин қойылады. Мұндай топ басқа топтардан қатаң түрде бөлектенуі керек.



